

**Қазақстан Республикасының Қарулы күштері қатарына мерзімді әскери қызметке 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында 1983-1992 жылдары туылған азаматтарды кезекті шақыру туралы**

*Күшін жойған*

Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 20 сәуірдегі N 315 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаменті Еңбекшіқазақ ауданының Әділет басқармасында 2010 жылы 06 мамырда N 2-8-143 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 04 сәуірдегі N 283 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы әкімдігінің 2011.04.04 N 283 Қаулысымен**

Қазақстан Республикасының "Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару" Заңының 31-бабының 8-тармағына, Қазақстан Республикасының "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 18-бабының 1, 3, 4, 5, 6, 7, 8-тармақтарына, 19-бабының 3-тармағына, 20-бабының 1-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 наурыздағы "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" N 960 Жарлығын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 15 сәуірдегі N 313 қаулысын жүзеге асыру мақсатында аудан әкімдігі

**Қ А У Л Ы**

**Е Т Е Д І :**

1. Он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген азаматтарды 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыру жүргізілсін.

2. 2010 жылғы аудандық шақыру комиссиясының құрамы қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Аудандық шақыру комиссиясының жұмысы Еңбекшіқазақ ауданының Қорғаныс Істері жөніндегі бөлім жанындағы шақыру пунктінде (Еңбекшіқазақ ауданының Қорғаныс Істері жөніндегі бөлімі, Есік қаласы, Абай көшесі, 322, Шелек селосының ауруханасы, Шелек селосы, Кадыров көшесі, 2.) ұйымдастырылсын.

4. "Еңбекшіқазақ ауданының ішкі істер басқармасы" мемлекеттік мекемесінің

бастығы (келісімі бойынша), "Еңбекшіқазақ аудандық Әділет басқармасының" мемлекеттік мекемесінің бастығы (келісімі бойынша) және "Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігінің зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы Республикалық мемлекеттік қазынашылық кәсіпорнының Алматы облыстық филиалының" Еңбекшіқазақ аудандық бөлімінің бастығы (келісімі бойынша), өздеріне жүктелген міндеттеріне сәйкес жұмыстардың орындалу барысы туралы мәліметтерді жеті күн мерзім ішінде аудандық қорғаныс ісі жөніндегі бөліміне берсін.

5. "Еңбекшіқазақ аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның бас дәрігері (келісімі бойынша), өзіне жүктелген міндеттеріне сәйкес жұмыстардың орындалу барысы туралы мәліметтерді аудандық қорғаныс ісі жөніндегі бөліміне хабарласын, азаматтарды әскерге шақыру бойынша дәрігерлік комиссияның құрамын ұйымдастырсын.

6. Қала, селолық округ әкімдері және ұйымдардың басшылары әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды олардың аудандық қорғаныс бөліміне шақырылғандары туралы хабардар етіп және олардың дер кезінде келуін қамтамасыз етсін.

7. Аудандық Әділет басқармасында 2009 жылы 9 маусымында N 2-8-112 нөмірімен мемлекеттік тіркеуден өткен, аудандық "Еңбекшіқазақ" газетінің 19 маусымдағы N 26 санында жарияланған Еңбекшіқазақ ауданы әкімдігінің 2009 жылы 04 сәуірдегі "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарына мерзімді әскери қызметке 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында 1982-1991 жылдары туылған азаматтарды кезекті шақыру туралы" N 352 қаулысының күші жойылсын.

8. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің бірінші орынбасары Ташполат Жамаловқа жүктелсін.

9. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі *Ә. Тойбаев*

2010	жылғы	20	сәуір	N	315
"Қазақстан		Республикасының			Қарулы
Күштері	қатарына	мерзімді			әскери
қызметке	2010	жылғы		сәуір-маусымында	
және	қазан-желтоқсанында			1983-1992	
жылдары	туылған	азаматтарды			кезекті
шақыру	туралы"	қаулысымен			бекітілген
қосымша					

**Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарына мерзімді әскери қызметке 2010 жылғы сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында 1983-1992 жылдары туылған азаматтарды кезекті шақыру туралы қаулысына байланысты бекітілген комиссия құрамы**

Қазахбаев Төлеген Ермекұлы - Еңбекшіқазақ ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығы комиссия төрағасы;

Жұмалиев Сейдахмет Сәрсенбекұлы - Еңбекшіқазақ аудандық дене тәрбиесі және спорт бөлімінің бастығы;

**комиссия төрағасының орынбасары:**

Асқарбаев Айдын Төреханұлы - Еңбекшіқазақ аудандық ішкі істер басқармасы бастығының міндетін атқарушы орынбасары;

Гүлнәр Съездбекқызы Кураметова - медициналық комиссия төрағасы;  
Ембергенова Айна - комиссия хатшысы.